

2009 жылғы 28 қаңтардағы № 2 "Бөрлі ауылдық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Бөрлі ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 қазанда № 6673 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, Қостанай облыстық мәслихатының 2016 жылғы 27 маусымдағы № 38 шешіміне және "Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" бірлескен Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 19 шілдеде № 6547 болып тіркелген) сәйкес, Бөрлі ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Бөрлі ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 2 "Бөрлі ауылдық округі елді мекендердің құрама бөліктеріне атауларын беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-103 тіркелген, 2009 жылғы 5 наурызда "Айна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

2-тармақ алынып тасталсын, 3-тармақ келесі мазмұнда 5), 6) тармақшалармен толықтырылсын:

- " 5) Целинная көшесі ;
- 6) Лесная көшесі . "

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Жиеналин